

Армысыз, ардақты ағайын, қымбатты тыңдарман! «Үміт ұшқыны» бағдарламасының кезекті санына қош келдіңіздер. Студияда сіздермен бірге — жүргізуші мен Сабыр. Сіздермен эфир арқылы қайта қауышып отырғанымға қуаныштымын. Біз Киелі Жазбаның Жаңа Өсиетіндегі алғашқы кітап — Матай жазған Ізгі хабармен танысып келеміз. Бүгін біз «Жағдай қиындағанда нені күтуге болады?» деген тақырыпты қарастырамыз.

Киелі кітап бізге күнәларымыздың кешірілуі үшін қанын төккен Құтқарушы туралы баяндайды. Иса айқышта қайтыс болған кезде, бір сарбаз Оның бүйірін найзамен түйреп қалғанда, сол жерден қан мен су ақты. Сондай-ақ Киелі кітап қан төгілмей, күнәлардың кешірілмейтінін айтады. Алайда Жаратқан Иенің атқарған қызметі тек Оның азап шегіп, айқышта өлуімен ғана шектелмейтінін ұмытпауымыз керек.

Оның қайта тірілуі де аса маңызды. Біз бұл оқиғаны жыл сайын Қайта тірілу мейрамында атап өтеміз. Бірақ Жаратқан Иенің ұлы ісі мұнымен де аяқталмайды. Бүгін біз осы жайында ой қозғаймыз. Иса Өзінің құдіреті мен ұлылығы туралы айтқан.

Жердегі қызметі кезінде Ол кемелді Адам ретінде Өзінің құдіреті мен ұлылығын толық көрсетпеді. Қазір де Әкенің оң жағында біздің Қорғаушымыз ретінде діни қызметін атқарып, құдіреті мен ұлылығын толық көрсетпей отыр. Ал патшалық билігін жүргізу үшін қайта келгенде, Ол құдіреті мен ұлылығын толық танытады. Өйткені Иса осы дүниеге не үшін келсе, соның бәрін кемелді түрде жүзеге асырады. Сондықтан біз Матай жазған Ізгі хабардың 24:29–31-аяттарында сипатталған Оның қайта келуін асыға күтеміз.

Бұл қиын-қыстау кезеңнен кейін дереу «күнді қараңғылық басып, ай да жарқырамайтын болады. Жұлдыздар аспаннан құлап, аспан күштері шайқалады!»

Сол уақытта Менің Билеуші ретінде қайтып келуімнің ғажайып белгісі аспаннан көрінетін болады. Сонда жер бетіндегі барлық ұлттар үрейленіп, еңіреп жылайды. Олар Менің Билеуші ретінде ғаламат құдіретпен, салтанатты ұлылықпен бұлттардың үстінде көктен келе жатқанымды көреді. Мен кернейдің зор үнімен періштелерімді жіберіп, олар аспанның о шетінен бұ шетіне дейін, дүниенің төрт бұрышынан Менің таңдап алған адамдарымды жинап әкелетін болады.

Тақырыпта біз: «Иса билік құру үшін қайта келе ме?» — деген сұрақ қойдық. Оның жауабы: «Иә, Ол қайта келеді». Иса құдіретпен келген кезде үш маңызды оқиға болады.

АСПАНДА ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРІСТЕР БОЛАДЫ. Исаның қиын-қыстау кезеңнен кейін күннің қараңғыланатынын айтқанына назар аударыңыз. Күннің табиғаты мен ерекшеліктерін зерттейтін ғалымдар оны жарық пен жылу бөліп шығаратын, газ күйіндегі сутектен тұратын алып шар деп түсіндіреді. Күннің жарығы мен жылуының арқасында біз жер бетінде өмір сүре аламыз. Бірақ Иса күнді қараңғылық басатынын айтты. Бұған дейін де, кем дегенде, бір рет күн қараңғыланған еді. Ізгі хабарларда Иса айқышқа шегеленген күні түскі сағат он екіден күндізгі үшке дейін бүкіл жерді қараңғылық басқаны жазылған.

Ай да жарқырамайтын болады. Күн сәуле шашпаса, ай да жарқырай алмайды. Өйткені ай күннің жарығын шағылыстырады. Иса қиын-қыстау кезеңнен кейін аспанда түбегейлі өзгерістер болып, күнді қараңғылық басатынын және айдың жарқырамай қалатынын айтты.

Жұлдыздар да аспаннан құлайды. Аспанда қандай үлкен өзгерістер болатынын көріп тұрсыздар ма? Жұлдыздар өз орындарынан құлайтын болады.

Сондай-ақ Иса: «Аспан күштері шайқалады!» — деді. Жаратқан Ие құдіретпен келген кезде бүкіл ғаламда өзгеріс болады. Бұл — бірінші оқиға: аспанда түбегейлі өзгерістер болады.

ИСА АШЫҚ ТҮРДЕ КӨРІНЕДІ. Оның: «Сол уақытта Менің Билеуші ретінде қайтып келуімнің ғажайып белгісі аспаннан көрінетін болады», — деген сөзіне мұқият назар аударыңыз. Ол келген кезде күнді қараңғылық басады, ал Исаның Өзі ұлылықпен көрінеді. Сонда жер бетіндегі барлық халықтар еңіреп жылайды. Оны бәрі көреді. Бұған еш күмән жоқ. Оған қарсы шыққан адамдар Оның құдіретпен әрі ұлылықпен келе жатқанын көргенде, Оның патшалардың Патшасы әрі иелердің Иесі екенін түсінеді.

Иса бұлттардың үстінде келетінін айтты. Ол көкке көтерілген кезде де дәл солай болды. Елшілердің істері кітабының 1:9–11-аяттарына назар аударсаңыздар, Исаның салтанатты ұлылықпен көкке көтерілгенін және бұлттың Оны шәкірттерінің көзінен жасырып қалғанын көресіздер. Иә, аумин! Сол жерде тұрған куәгерлер Исаның көкке қалай көтерілсе, дәл солай қайта келетінін айтты.

Бұл жерде Иса Өзінің аспандағы бұлттардың үстінде ғаламат құдіретпен, салтанатты ұлылықпен келетінін айтады! Ол жер бетіне алғаш келгенде

мұндай құдіреті мен ұлылығын толық көрсеткен жоқ. Иса кішіпейіл болып, адамдардың арасында қарапайым адам ретінде жүрді. Адамдар Оған жан-жақтан келетін. Қалың жұрт Оны қоршап, жан-жағынан қысатын. Біреулері сауығып кету үшін Оның киіміне қол тигізуге тырысты. Басқалары Иса денесіне қолын қойып сауықтырсын деп келді. Тағы біреулерін Ол қолынан ұстап, орнынан тұрғызды.

Бірақ Иса келесі жолы құдіретпен және салтанатты ұлылықпен келеді. Мұның қалай жүзеге асатынын білгіңіз келсе, Аян кітабының 19-тарауындағы 11-аяттан бастап, тараудың соңына дейін оқыңыз. Киелі кітапта Иса аспандағы бұлттардың үстінде келгенде, Оның ғаламат құдіретпен және салтанатты ұлылықпен келетіні айтылған. Бұл — екінші оқиға: Иса барлығына ашық түрде көрінеді.

ҚҰДАЙДЫҢ ТАҢДАП АЛҒАН АДАМДАРЫ ТҮГЕЛ ЖИНАЛАДЫ. Матай 31-аятта: «Мен кернейдің зор үнімен періштелерімді жіберіп, олар аспанның о шетінен бұ шетіне дейін, дүниенің төрт бұрышынан Менің таңдап алған адамдарымды жинап әкелетін болады», — деп жазады. Періштелер — Оның қызметшілері. Еврейлерге арналған хатта олардың болашақта құтқарылуға ие болатын адамдарға қызмет ету үшін жіберілген рухани қызметшілер екені айтылған. Кернейдің зор үні естілгенде, періштелер Құдайдың таңдап алған адамдарын жинау үшін жіберіледі. Мұның бәрі Жаратқан Иенің бұйрығымен жүзеге асады. Ол періштелерін жібереді, ал олар Оның таңдаған адамдарын жинайды.

Ал Құдайдың таңдап алған адамдары кімдер? Қымбатты досым, періштелер олардың кім екенін білетінін ұмытпаңыз. Біз оларды білмеуіміз мүмкін, бірақ періштелердің білетініне сенімді болыңыз. Өйткені Киелі кітапта Жаратқан Иенің Өзіне тиесілі адамдарды білетіні айтылған. Олар дүниенің төрт бұрышынан, аспанның бір шетінен екінші шетіне дейін жиналады. Ешкім сыртта қалмайды. Жаратқан Иенің таңдап алған адамдарының бәрі түгел жиналады. Құдай Тағалаға мадақ! Жаратқан Ие ғаламат құдіретпен және салтанатты ұлылықпен келген кезде, Өзінің таңдап алған адамдарын түгел жинайды. Бұл — үшінші оқиға.

Жаратқан Иенің құдіретпен келуі осы оқиғалармен сипатталады. Оларды тағы бір рет атап өтейін: аспанда түбегейлі өзгерістер болады, Иса барлығына ашық түрде көрінеді және Құдайдың таңдап алған адамдары түгел жиналады.

Мен Исаның айтқанын міндетті түрде орындайтынына сенемін. Ол ешқашан орындамайтын нәрсені айтқан емес. Сондықтан Оның айтқандарының бәрі орындалуға тиіс. Ендеше, бәріміз дайын болайық.